

**8D013 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау бағыты бойынша (6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы) философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Найманбаев Алмас Абдыманаповичтің «Жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Критерий-лер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен сәйкес келеді. Диссертант сонымен бірге ҚР Президентінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» (2019 ж.), «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» (2020 ж.) атты Қазақстан халқына Жолдауларын, Мемлекет басшысының 2021 жылғы 5 қаңтардағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласын, ҚР Үкіметінің 2021 жылғы қаулысымен бекітілген «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» және 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысымен бекітілген «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын басшылыққа алған.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-	А.А.Найманбаевтың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау (6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы) бағыты бойынша ұсынылған. ҚР Үкіметінің № 724 қаулысымен (12.10.2021) бекітілген «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасында ұлттық кодты сақтап, мәдени бірегейлікті жаңғырту, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрді насихаттау арқылы қоғамның мәдени деңгейін, талғамын және рухын көтеру басты міндет

		техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басымына сәйкес (бағытын көрсету)	ретінде көрсетілді. Диссертациялық жұмыс қазақ повестеріндегі ұлттық кодты көрсететін мифтік сарындарды оқытуда септігін тигізеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Жұмыста жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту әдістемесінің маңызы зерттелгендіктен ғылымға елеулі үлес болып қосылады.</p> <p>Біріншіден, қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарынды сөз ету үшін фольклортанудағы мифтердің жанрлық түрлерінің зерттелуінен бастап сөз еткен. XIX ғасырдағы А. Алекторов, Н. Катанов, Н. Пантусов пен А. В. Васильев Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, В.Радлов, Г.Потаниндердің қазақ ауыз әдебиетін жинауы үлгілерінен бастап Ә. Диваев, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев, А.Абдуллина, Н.Жүсіпов, т.б. сияқты қазақ ғалымдарының еңбектеріне баса назар аударған.</p> <p>Екіншіден, қазақ әдебиетіндегі мифологизм А.Құнанбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, М. Жұмабаев, Ж. Аймуытов, С. Көбеев, Х. Досмұхамедов, С.Сейфуллин, М. Әуезов шығармаларымен жинақталып тұжырымдалған.</p> <p>Үшіншіден, Ә.Кекілбаев, О.Бөкей, М. Мағауин, Р.Нұрпейісов, Д.Досжан, М.Айтқожина, Е.Раушанов, Т.Нұрмағамбетов, М.Байғұт, Т. Әбдік, А. Алтай, Т. Әсемқұлов, А.Кемелбаева шығармаларымен ұлттық әдебиеттегі дәстүр сабақтастығы ғылыми тұрғыда анықталған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	<p>Диссертанттың жазу стилі қалыптасқан, өзіндік айтары бар. Біріншіден, диссертациядағы баяндаулар, ойлар, пікірлер, талдаулар, ой-түйіндер, қорытындылардан диссертанттың жеке қолтаңбасы анық байқалады. Екіншіден, теориялық негіздеулер жеткілікті. Үшіншіден, әр бөлімді түйін сөзбен аяқтап отыруы – ізденушінің ғылымға дайындықпен келгенінің көрсеткіші. Диссертациялық жұмыс таза ғылыми стильде жазылғандықтан, оның деңгейін жоғары дәрежеде бағалауға толық негіз бар.</p>

4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі дау туығызбайды. Жұмыс жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту әдістемесіне негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны кіріспе, негізгі үш бөлім, әр бөлім 3 параграфтан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық негізде айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудың теориялық және ғылыми-әдіснамалық негіздерін ұсынып, білім беру үдерісіне ендіру мүмкіндіктерін қарастыруы орынды. Осы негізде диссертанттың алдына қойған мақсат-міндеттері диссертация тақырыбына толықтай сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Бірінші бөлімде қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындардың ғылыми-теориялық негіздері, екінші бөлімде қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері, үшінші бөлімде қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту жүйесі және ғылыми эксперимент нәтижелері қарастырылғандығынан, бөлімдердің құрылысы мен ішкі логикасы толыққанды байланысқандығын көруге болады. Бөлімдер бірінен бірі туындап, бірін бірі толықтырып отырады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Зерттеу нәтижесінде автордың ұсынып отырған тұжырымдары өзіне дейінгі айтылған ғалымдардың пікірлерімен түйінделген. Мифтік сарындарды оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялар мен әдіс-тәсілдердің түрлері мен оқыту бойынша жүргізілген эксперименттер бұрыннан бар белгілі шешімдермен салыстырыла бағаланған. Қазақ повестеріндегі мифтік сарындардың ғылыми-теориялық, әдіснамалық, философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін анықтауда сыни талдау бар. Диссертанттың өзіне дейін айтылған, жазылған еңбектердегі

			пікірлерге сүйене отырып, өз пайымдауларын ұсынуда сыни талдауы анық көрінеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертанттың жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту әдістемесі бойынша ұсынған тұжырым, түйіндері толықтай жаңа. Жұмыста қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту бойынша жүргізілген эксперименттер мен оқытудың жаңа инновациялық тәсілдері ұсынылған. «Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» пәнінің білім мазмұны анықталып, повестердегі мифтік сарындарды оқытудың инновациялық жолдары көрсетілген. Повестердегі мифтік сарындарды оқыту бойынша жүргізілген эксперимент пен қорғауға ұсынылған нәтижелер жаңашылдығымен ерекшеленеді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Фольклортану ғылымындағы мифтердің жанрлық түрі, қазақ мифтерінің мағыналық-құрылымдық ерекшеліктері, мифтік сарындардың қазіргі қазақ повестеріндегі интерпретациясы, мифтік сарындарды оқытудың философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздері туралы тұжырымдары толығымен жаңа.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Докторанттың жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту әдістемесі бойынша ұсынған ғылыми-тәжірибелік негізі толықтай жаңа және экспериментпен негізделген. Диссертациялық жұмыста алынған тұжырымдар, дайындалған әдістемені енгізу актісі, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдармен негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған диссертациялық зерттеуінің қорытындылары ғылыми-тәжірибелік деңгейде негізделген. Талдау нәтижелері негізінде ұсынылған қорытындылар мен түйіндер ғылыми тұрғыдан ауқымды мәселелерді шешуге бағытталған.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертанттың талдау нәтижесінде ұсынып отырған тұжырымдар дәлелді. Атап айтар болсақ:</p> <p>7.1 Жұмыста қағидаттар дәлелденген. Жазушылар аңыздық-мифтік желілер негізінде шындықты көрсетуге талпынғандығы кенестік дәуір тұсындағы (С. Жүнісов «Аманай мен Заманай», О. Бөкей «Атау кере», «Сайтан көпір», «Қар қызы», Ә. Кекілбаев «Күй», «Ханшадария», «Аңыздың ақыры», М. Мағауин «Көк мұнар», Т. Әлімқұлов «Қара қобыз», «Қараой», М.Сқақбаев «Ұят туралы аңыз», А. Мекебаев «Жезтырнақ», С. Санбаев «Ақ аруана», «Бекет бақсы», М. Ысқақбаев «Ұят туралы аңыз», Д. Досжанов «Тілегімді бере гөр») шығармаларымен дәлелденген.</p> <p>7.2 Жұмыста келтірілген қағидаттар қарапайым (тривиалды) емес. Әрбір ұсынылған тұжырым ғылыми түрде дәлелденген. Атап айтатын болсақ, Қорқыт, Әл-Фараби, Ж. Баласағұни, М.Қашқари, Қожа Ахмет Йасауи, Асан Қайғы сияқты қазақ ойшылдарының «Кемел адам» тұлғасын жасау идеялары айқындалған. Дулат, Шортанбай, Мұрат жыраулар шығармаларындағы Шығыс халықтарының философиялық көзқарастарымен үндестік Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов мұраларында дәстүрлі жалғасын тапқанымен дәйектелген.</p> <p>7.3 Ұсынылған қағидаттар жаңа болып табылады. Себебі, диссертацияда жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту әдістемесі арнайы зерттеліп отыр. Қазақ повестері туралы зерттеулер бар, алайда мифтік сарындарды оқыту әдістемесі туралы зерттеу тың, жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Диссертациялық жұмыста қорғауға ұсынылған (тұжырым-түйіндердің) қағидаттардың қолдану деңгейі жоғары. Аап айтатын болсақ, шетелдегі педагогикалық заманауи технологияларды зерттеген Дж. Кэрролл, Л.Н. Ланд, Ю.К. Бабанский, Л.М. Эрдниев, Н.П. Раченко, Л.Я. Зорина, В.П. Беспалько, М.П. Хомерики есімдері отандық Г.М. Құсайынов, Ж.Қараев еңбектерімен ұштастырыла зерттелген.</p> <p>7.5 Диссертация тақырыбы бойынша барлығы 10 мақала жарияланған. Соның</p>
----	--	--	--

			<p>ішінде ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 5 мақала, Scopus халықаралық деректер базасына тіркелген журналдарда 2 мақала, халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференция материалдарында 2 мақала, отандық ғылыми басылымда 1 мақала жарық көрген. Біріншіден, Scopus халықаралық деректер базасы тізіміндегі ғылыми журналда жарияланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Teaching Kazakh novels with electronic book applications; Teacher and student opinions» // <i>Cypriot Journal of Educational Sciences</i>, 2021, 16(5), с. 2808–2818. https://doi.org/10.18844/cjes.v16i5.6369; 2. «The problem of elimination of illiteracy by writing textbooks in the steppe» // <i>Opcion</i>, 2019, 35(88), с. 543–566 https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/24216 мақалалар мазмұны диссертация тақырыбына сәйкес. <p>Екіншіден, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Мифологиялық дискурстағы ортақ сарын» // <i>Хабаршы ҚазҰПУ, №4 (62). «Филология ғылымдары» сериясы. 2017 ж., 179-184 б.,</i> 2. «Өтеген батыр жырындағы ел үмітінің көрінісі және мифтік персонаждармен генетикалық байланысы» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» №2 (44), 2017ж., 187- 190 б. ISSN 2073-333X, 3. «Қазақ прозасындағы мифтердің трансформацияға ұшырауы» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» №6 (42), 2016ж., 85- 87 б. ISSN 2073-333X, 4. «Поэтикалық мифологияның көркем әдебиет пен әдебиеттанудағы көрінісі» // <i>Хабаршы ҚазҰПУ, №4 (58), «Филология ғылымдары» сериясы. 2016 ж., 157-159 б. деген мақалаларда қорғауға ұсынылған қағидаттар ғылыми тұрғыда дәлелденген.</i>
8.	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия;	Миф теориясы күні бүгінге дейін жан-жақты зерттелуде. Э.Тайлор, Дж.Фрэзер, Э.Кассирер, Л.Леви-Брюль, К.Леви-Стросс сияқты Еуропа ғалымдары өз еңбектерінде мифологияны логикалық, лингвистикалық,

ақпараттын дәйектілігі	2) жоқ	философиялық аспектіде қарастырады. Бұл жұмыста мифтік сарындардың философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздері жиі қолданылатын кіріспе, интерактивтік, проблемалық, визуалдандыру, дуэт, мини, шолу, кеңес, шатастыру, сұхбат, дидактикалық, конференция сияқты инновациялық дәріс түрлерімен оқытылу көзделген.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелерінде ғылыми зерттеудің қазіргі заманғы әдістер мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелері пайдаланылған. Зерттеудің ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздері салыстырмалы-тарихи, жинақтау, объективті-аналитикалық және даралау, ой қорыту, жалпылау әдістері; экспериментті ұйымдастыру кезеңінде бақылау, сауалнама, әңгіме, диагностикалық әдістер; зерттеу нәтижелерін қорытындылау барысында аналитикалық әдістер: талдау, қорыту мен ақпаратты өңдеу әдістері: эксперименттік мәліметтерді сапалық және сандық тұрғыда сараптау, жинақтау әдістерін пайдалана отырып алынған.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Қорғауға ұсынылған тұжырымдар тәжірибелік (эксперименттік) зерттеулермен дәлелденіп расталған. Я.А.Коменскийден И.Г.Песталоцци, К.Д.Ушинский, А.П.Пинкеевич, В.В. Давыдова и Л.В. Занков, Т.А.Ильина т.б. дидакт-педагогтардың еңбегі Ы.Алтынсарин, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов тәрізді отандық педагог-әдіскерлердің оқыту ұстанымдарымен ұштастырыла зерттелген. Қазақ повестеріндегі мифтік сарын элементтері ұлттық құндылығымен ерекшеленетіндігі, қазіргі жастардың бойында адамгершілік қасиеттерін қалыптастыратындығы нақты мысалдармен расталған. Студенттің кәсіби-танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған ғылыми-әдістемелік жүйе қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудың арнайы ұстанымдары негізінде жүзеге асырылып, оң нәтиже беретіндігі ғалымдар пікірмен дәйектелген.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен	Қазақ повестеріндегі фольклорлық мұралар мен әдебиетті оқыту әдістемесі А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, М.Қаратаев, С.Қирабаев, З.Ғабдолов, М.Дүйсенов, Р.Нұрғали,

		расталған / ішінара расталған / расталмаған	С.Қасқабасов, З.Ахметов, М.Ғабдуллин, Б.Майтанов, Ж.Дәдебаев, Д.Ысқақұлы, С.Негимов, М.Қараев, С. Асылбекұлы, Б. Әбдіғазизұлы сияқты зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне жасалған сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға толықтай жеткілікті. Жұмыстың тақырыбына байланысты қазақ, орыс тіліндегі негізгі, қосымша еңбектер қамтылған. Жұмыста зерттеу тақырыбы бойынша 165 әдебиеттің пайдаланылуы диссертанттың аталған тақырыпты зерттеуде көп еңбектенгенін көрсетеді. Осының өзі жұмыстың ғылыми аппараты толыққанды екендігін көрсетеді. Атап айтатын болсақ, Б.Г. Ананьев, П.Я. Гальперин, В.В.Давыдов, Л.В. Занков, Л.Б. Ительсон, А.Н. Леонтьев, А.В. Петровский, С.Л. Рубинштейн, Д.Б. Эльконин сияқты психолог ғалымдардың еңбегі отандық Қ.Б. Жарықбаев, С.М.Жақыпов, С.Ғаббасов тәрізді зерттеушілердің еңбектерімен ұштастырыла зерттелген.
9	Практика-лық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Қазіргі қазақ повестерінде кездесетін антропологиялық, космологиялық, діни, гигантоманиялық, жер-судың жаралуы турасындағы, шежірелік, хикаялық мифонимдер мен тотемдерге байланысты туған, құстар мен жануарлар (этиологиялық) және өсімдіктердің пайда болуына байланысты туған, диалектикалық мифтерді саралауы, жіктеуі, топтауы, оларды көркем шығармалардан нақты мысалдар келтіріп дәлелдеуі құптарлық. Аталған миф түрлерін жазушылар өз шығармаларында қандай дәрежеде пайдаланғанына әдеби талдау жасай отырып, қазіргі повестердегі мифтік сарындардың көрінісі туралы түйін жасайды. Осы ойымызды О.Бөкейдің «Қар қызы» мен А.Мекебаевтың «Жезтырнақ» повесіне жасалған психологиялық талдау растайды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия;	Диссертацияның практикалық маңызы мен алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Оқыту оқытушыдан оқу пәнінің ғылыми негіздерін жетік білуді, студенттердің тақырыпқа дайындық деңгейін, сабақ үдерісіндегі мүмкіндіктерді бағамдап- бағдарлай алатындай педагогикалық үлкен шеберлікті, шығармашылық ізденіс-

		2) жоқ	әрекеттерді талап ететіндіктен, «оқыту – шығармашылық жұмыс» екенін диссертант баса айтады. Өзі айтқандай, А.А.Найманбаевтың «Жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту әдістемесі» зерттеу жұмысының нәтижелерін университеттің міндетті және таңдаулы дәрістерге, атап айтқанда, әдебиет тарихы, әдебиет теориясы пәндерінде оқытуға негіз бар. Диссертация материалдары проза, миф, әдебиет тарихы ұғымын қарастыратын пәнаралық зерттеулерге қатысты дәрістерде қолданылу мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеудің практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады. Сондықтан оны «Қазақ халық ауыз әдебиеті», «Әдебиеттануға кіріспе», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі», «Қазіргі қазақ повестерін оқыту» пәндеріне альтернативті пән, арнаулы курс, арнаулы семинар жүргізуде пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Тұтастай алғанда диссертациялық жұмыстың сапасы «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы» бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалатын зерттеудің талаптарына сәйкес келеді. Бақылау эксперименттерінің нәтижелерін сызба арқылы пайыздық көрсеткішпен көрсетуі, кестемен жүйелеп беруі құптарлық. Эксперименттік негізгі нәтижелерді 7 кесте, 19 суретпен жинақтап беруі жұмыстың сапасын арттырып тұр. Жұмыстың жазу және ресімдеу сапасы, соның ішінде академиялық жазу сапасын жоғары деп бағалауға болады. Себебі, бұл – бас-аяғы толық, алдына қойған мақсат-міндеттерін тәжірибе жүзінде түгелдей жүзеге асырған жұмыс.

Диссертациялық жұмыстың осындай жетістіктерімен бірге, кемшін тұстарын жетілдіру мақсатында айтылатын ұсыныстар бар. Атап айтар болсақ:

1. 17-бетте «Абай Құнанбайұлынан бастап, Шәкәрім Құдайбердіұлы ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғалары А. Байтұрсынов, М. Әуезов, М. Жұмабаев, Ж. Аймуытов, С. Көбеев, Х. Досмұхамедов т.б. «Қазақ хрестоматиясымен» мазмұндас еңбектер мен шығармалар жазғанда халық ауыз әдебиетінің үлгілерін, фольклорды арқау етеді», 89-бетте «Мәселен Оралханның «Қар қызы» повесі мен Адам Мекебаевтың «Жезтырнақ» повесінде екі түрлі кейіпкердің жан-дүниесі суреттеледі» деген сөйлемдер бар. Қаламгерлердің аты-жөнін атауда бірізділік сақталса, не толық аты-жөнімен, немесе қысқартып беру деген сияқты.

2. 128- бетте А. Мекебаевтың «Жезтырнақ» повесі «Жалмауыз» болып жүр.

3. Монография шығару барысында тараулардың атауларына біршама өзгерістер енгізсе деген ұсыныс бар. Мәселен. Екінші және үшінші бөлімдегі үш тараудың да «Қазіргі қазақ повестеріндегі..» деп басталуы олқы көрініп тұр.

Алайда, бұл айтылған ұсыныстар бас-аяғы тұтас, алдына қойған мақсатына жеткен жұмысқа кедергі бола алмайды, сондықтан оны қолдауға толық негіз бар.

Шешім: 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау бағыты бойынша қорғауға ұсынылған (6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы) Найманбаев Алмас Абдыманаповичке «Жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институты Тәуелсіздік дәуіріндегі
әдебиет және көркем публицистика
бөлімінің меңгерушісі, филол.ғ.д.



ОРДА Гүлжахан Жұмабердіқызы

«27» қазан, 2022 ж.

